

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
Тарих факультеті
Дүниежүзі, тарихнама және деректану кафедрасы

қорытындылаушы емтихан бағдарламасы

Мамандық: 6В02205-тарих,
«Ғылыми зерттеу әдістері» пәні бойынша

1-курс,
Күзгі семестр
Оқу түрі: күндізгі,
5 кредит

Алматы
2024ж.

Бағдарламаны 5B020300-тарих мамандығының жұмыстық оқу жоспары мен білімдік бағдарламаның пәндер каталогы негізінде жасаған т.ғ.д., профессор Т.Ә. Төлебаев

Дүниежүзі, тарихнама және деректану кафедрасы мәжілісінде қаралған және ұсынылған

«___» _____ 2024ж. Хаттама №

Кафедра меңгерушісі

Р.С. Мырзабекова

Кіріспе

Бағдарлама «Универ» жүйесіне ендірілген

1. Қорытындылаушы емтиханның өтілу ережесі

1. Қорытындылаушы емтиханның өтілу түрі – жазбаша универ жүйесі: Дәстүрлі –сұраққа жазбаша жауап беру, оффлайн.
2. Емтиханды өткізуді бақылау-бақылау камерасы, оқытушы кезекшілігі
3. Емтихан сұрақтарының саны -60
4. Емтихан ұзақтығы-2 сағат.
5. Студенттердің жазбаша жұмыстарын пән оқытушысы тексереді.

II. Қорытындылаушы емтиханды өткізу регламенті

1. Емтихан кесте бойынша өткізіледі.
2. Емтихан тапсыру ережесіне сәйкес оның басталуына дейінгі 30 минутта студенттер аудиторияда болуы керек.

III. Емтихан қорытындылары:

1. Жазба жұмыстарын тексеріп болғаннан соң оқытушы «Универ» жүйесіне балдарын қояды.
2. Оқытушы балдарды сақтар алдында барлық студенттердің балы қойылатындай етіп барып «Универ» жүйесіне тексерілген ведомосты сақтайды.
3. Студенттердің балдары «Универ» жүйесіндегі қорытынды ведомостқа 48 сағаттың ішінде қояды
4. Емтихан қорытындысы бақылау камерасын тексеру нәтижесінде қайта қаралуы мүмкін.
5. Егер студент емтихан тапсыру ережесін бұзса оның нәтижесі жойылады.

ЕМТИХАН СҰРАҚТАРЫ СҰРАҚТАРЫ ЖАСАЛАТЫН ТАҚЫРЫПТАР:

Курстың пәні, мазмұны және мақсаты мен міндеттері.

«Ғылыми зерттеу әдістері» пәнінің мәні, ерекшеліктері.

«Ғылыми зерттеу әдістері» пәнінің мақсаты мен міндеттері.

Қазіргі заманғы ғылымның ерекшеліктері.

Ғылым іс – әрекеттің ең бір қиын да, күрделі, көп ақпараттық білімді, білік дағдыны талап ететін бір саласы.

Қазіргі зерттеуші — ғалымның алдында кез келген ғылыми мәселені шешетін дұрыс бапты анықтаушы.

Ғылыми жұмыстың нәтижелілігі көп жағдайда таңдалған әдіске байланысты.

Ғылыми зерттеу жұмысы ұғымы.

Ғылыми зерттеу жұмысының ерекшеліктері.

Ғылыми жұмыстың маңызды сәтінің бірі жаңа ой – пайым (идея) шығару және болжам (гипотеза) жасау.

Гипотеза – ғылыми болжау, ғалым жұмысының айырылмас серігі.

Нағыз ғалым өз жұмысын қиялсыз жасай алмайды.

Қиялсыз, тапқырлықсыз, жаңа ой – пайым табу қабілетінсіз ғалым табысқа жетуі мүмкін емес.

Жалаң грамматиканы игеріп, поэманы жазу мүмкін еместей, жаңа логика төзімділік пен еңбекқорлықсыз жаңа ой – пайым тудыра алмайды. Гипотезаны құру – ғылыми шығармашылық дамуының заңдылықты кезеңі. Ғылыми зерттеу жұмысының құрылымы.

Ғылыми — зерттеу жұмыстарының түрлері.

Теория ғылымы өз кезегінде аналитика және өнертапқыш түріне бөлінеді.

Аналитикалық ғылым белгілі түсініктер мен заңдарды математикалық өңдеудің есептеу әрекетінен құралады, мұның мақсаты аталған заңдармен құбылыстардың сандық сипаттамасын беру.

Ғылыми зерттеулердің мақсаты, зерттеу объектісін жүзеге асырудың түрлі жағдайында бет алысын болжамдап математикалық байланыстылығын табу.

Метод және методика: ұқсастығы мен айырмашылығы.

Метод және методология: ұқсастығы мен айырмашылығы.

Ғылыми зерттеу және оның әдістері туралы.

Зерттеу тақырыбы бойынша әдебиеттер тізімін жасау.

Ғылыми жұмыстарға үңілу.

Ғалымдардан ақыл – кеңес сұрау.

Интернетке жүгіну.

Үнемі бағамдау, байқау, іздеу, жинақтау жұмыстарын жүргізу.

Тәжірибе жүргізу, (Зерттеушінің мұражайларына, туып – өскен жеріне, немесе оқиға болған жерге бару.) оның барысы, нәтижесін жүйелі түрде талдап отыру.

Қорытынды жасау.

Бейне материалдар, слайдтар жасау.

Жұмысты қорғауға дайындалу.

Методика – бір немесе бірнеше әдістер жиынтығына негізделген зерттеу жолдары, немесе олардың жиынтығына негізделген әдістер.

Методология - зерттеу әдістері, жүйелері мен тәсілдері жөніндегі білімнің жиынтығы.

Жүйе – күрделі құбылыстар мен процестерді зерттеу үшін қажетті техникалық құралдар мен методикалардың жиынтығы.

Ғылыми зерттеу пәні теориясы жеке құбылыс ретінде нақты жағдай жиынтығы емес, ұқсас құбылыстар мен жағдайларды тұтас қолдайды.

Ғылыми-зерттеу: оның мәні мен ерекшеліктері.

Зерттеу мәселесі, объектісі және пәні.
Ғылыми-зерттеу әдістерінің жіктелуі.
Ғылыми зерттеу жұмыстарының сыныпталуы
Ғылыми зерттеу жұмысының алғашқы сатысы
Тақырыпты таңдау мен жоспар құру
Тақырыптың тарихнамалық және деректік негіздерін анықтау
Тарихнамалық және тарихи деректердің түрлері
Ғылыми-зерттеу – бұл мақсатты білім, ұғымдар, заңдар мен теориялар түрінде сипатталады.

Зерттеу құралдарына түрлі процедуралар, әдістер, тәсілдер, методикалар, жүйелер мен методологиялар кіреді.

Әдіс - зерттеу барысында белгілі бір қорытынды алуға бағытталған, бір немесе бірнеше операциялардың теорияға немесе практикаға негізделген түрі.

Тәсіл – күрделі әдіс болып табылады, ол зерттеу барысындағы бірнеше нысаналы әдістердің жиынтығы.

Эмпирикалық зерттеу әдістері.

Тәжірибе. Байқау. Өлшеу. Эксперимент. Бақылау.

Эмпирикалық зерттеу әдістерін қазақ тарихын зерттеуде пайдалану жолдары

Ғылыми зерттеудің теориялық әдістері.

Абстракциялау. Идеализация. Формаландыру.

Математикалық моделдеу. Анализ. Синтез.

Индукция. Дедукция.

Қазақ тарихы және теориялық зерттеу әдістері

Тарихнамалық және тарихи деректердің түрлері

Ғылыми жұмысты жазу мен өңдеуге қойылатын талаптар

Студенттердің ғылыми жұмыстарын дайындау мен қорғау

Емтиханға дайындалу үшін ұсынылатын әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптасуының тұжырымдамасы. А., «Қазақстан», 1995. 10-б.

1. Волков Б. С., Волкова Н. В. Методы исследований в психологии. М., 2002.

2. Коломийцев В. Ф. Методология истории (От источника к исследованию). М., 2001. — 191 с.

3. Медушевская О. М. Теория и методология когнитивной истории /О. М. Медушевская. — М., 2008

4. Девятко И. Ф. Методы социологического исследования. М., 2002.

5. Добренков В. И., Кравченко А. И. Методы социологического исследования. М., 2004

6. Завьялова М.П. Методы научного исследования. Томск, 2007.

7. Колмогоров Ю.Н., Сергеев А.П., Тарасов Д.А., Арапова С.П. Методы и средства научных исследований. Екатеринбург, 2017
8. Ревко-Линардато Методы научных исследований. Таганрог, 2012.
9. Рикер П. Конфликт интерпретаций. М., 1995.
10. Рикер П. История и истина. СПб., 2002.
11. Хаттон П. История как искусство памяти. СПб., 2003.
12. Хеллевик О. Социологический метод. М., 2002.
13. Хьюбнер К. Критика научного разума. М., 1994.
14. Эпистемология: основная проблематика и эволюция подходов в философии науки. Томск – Кемерово, 2007.
15. Ядов В. А. Стратегия социологического исследования. М., 2001
16. Королев А. А. Теория и методология современных исторических исследований. Библиограф. сб. М., 1995.
17. Астахов М. В. Методология исторической науки. Историко-библиографическое исследование отечественной литературы 80-х — 90-х гг. XX в. Том I. Библиография. Историография. Общая и специальная методология исторической науки / СЦАИ. — Самара, 2006—289 с.

**Емтихан бойынша оқу нәтижелерін суммативті бағалау рубрикаторы
«Ғылыми зерттеу әдістері» пәні бойынша жазбаша жұмыс (АБ 30% -дан 100%)**

Критерий	«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»
	27-30%	21-26 %	11-20 %	0-10%
Пәннің теориясы мен тұжырымдамасын білу және түсіну	«Өте жақсы» бағасы барлық үш сұрақтың толық ашылуын, әр тұжырым мен қорытындының егжей-тегжейлі дәлелдерін қамтитын, логикалық және дәйекті түрде құрылған, аудиториялық сабақтарда өткен тақырыптардың мысалдарымен көрсетілген	«Жақсы» бағасы барлық жауап толық, бірақ кейбір мәселелерді толық қамтылмаған, негізгі ережелердің қысқартылған дәлелдері көрсетілген жауап үшін қойылады, материалды жеткізудің қисыны мен дәйектілігінде қате жіберілуі мүмкін. Жауапта кейбір стилистикалық қателіктер жіберілуі, терминдер дұрыс	«Қанағаттанарлық» бағасы билетте ұсынылған сұрақтардың толық емес жариялануын қамтитын жауап үшін қойылады, негізгі ережелерді үстіртін дәлелдейді, баяндамада композициялық диспропорцияларға, материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігінің бұзылуына жол береді, теориялық ережелерді аудиториялық сабақтардың әзірленген конспектілерінің мысалдарымен суреттемейді.	Қойылған сұрақтарды дұрыс аша алмағанда, қате дәлелдеу, дұрыс емес қорытынды жасалған жағдайда.

	жауап үшін қойылады.	қолданылмауы мүмкін.		
Таңдалған әдісте ме мен технологияны нақты практикалық тапсырмаларға қолдану	Оқу тапсырмасын толық орындау, қойылған сұраққа толық, дәлелді жауап беру, пәннің практикалық мәселелерін шешу;	Оқу тапсырмасын ішінара орындау, пәннің практикалық міндеттерін толық шешпеу, қойылған сұраққа толық емес, бірақ дәлелді жауап беру; пән бойынша ғылыми тіл нормаларын сауатсызда пайдалану;	Материалды үзік-үзік жеткізіледі, қисын мен дәйектілік бұзылады, нақты және семантикалық дәлсіздіктерге жол беріледі, пәннің теориялық білімі үстірт, біржақты қолданылады.	Тапсырманы шешуде ұтымсыз әдістің қолданылуы немесе жеткілікті ойластырылмаған жауаптың берілуі; тапсырмаларды шеше алмау, тапсырмаларды жалпы түрде орындау; нормадан асатын қателіктер мен кемшіліктер жіберу.
Таңдалған әдісте менің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және талдау, алынған нәтиженің негіздемесі	Оқу тапсырмасын толық орындау, қойылған сұраққа толық, дәлелді жауап беру, пәннің практикалық мәселелерін шешу; Ғылыми ережелер, қолданылған әдісте ме мен технологияның дәйекті, қисынды және дұрыс негіздемесі, сауаттылық, ғылыми тілдің нормаларын сақтау, тұжырымдарға әсер етпейтін материалды ұсынуда 1-2 дәлсіздікке жол беріледі.	Тұжырымдамалық материалды пайдалануда 3-4 дәлсіздікке, жалпылау мен тұжырымдардағы кіші-гірім қателіктерге жол беріледі, бұл тапсырманың жалпы деңгейіне әсер етпейді.	Негізделген ғылыми ережелердің қолданылуы туралы тұжырымдар нақты емес және нәтижесіз, стилистикалық және грамматикалық қателіктер, сондай-ақ практикалық шешімнің нәтижелерін өңдеуде дәлсіздіктердің болуы.	Тапсырма өрескел қателіктермен орындалды, сұрақтарға жауаптар толық емес, тұжырымдамалық материалдар мен дәлелдер нашар пайдаланылды.

Жазу, стил, сауатт ылық	Жазба жұмысы айқындықты, нақтылықты және дұрыстықты көрсетеді	Жазба жұмысы айқын, нақты және дұрыс	Жазба жұмысында кейбір маңызды қателіктер кездеседі және айқындықты қажет етеді	Түсініксіз жазылған, мазмұнын айқындау қиын
--	--	--	---	---